

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 26 маусымындағы "Жаңаарқа ауданы аумағындағы азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" № 49/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 82/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 қарашада № 2828 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі N 32/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 06.04.2016 N 32/02 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жаңаарқа ауданы аумағындағы азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 26 маусымындағы № 49/01 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2694 нөмерімен тіркелді, 2014 жылғы 2 тамызында № 34 (9628) "Жаңаарқа" газетінде жарияланған) өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Дүйсенбай Жұмасейітұлы Жұмасейітовке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаарқа ауданы әкімінің	
міндетін атқарушы	Д. Жұмасейітов

КЕЛІСІЛДІ:

Мәслихаттың хатшысы

М. Абдишев

3 қараша 2014 жыл

Жаңаарқа 2014 № қосымша	Жылғы 82 / 01	ауданы 3	әкімдігінің қарашадағы қаулысына
Жаңаарқа 2014 № қосымша	Жылғы 49 / 01	ауданы 26	әкімдігінің маусымдағы қаулысына

Жаңаарқа ауданы аумағындағы азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласы бойынша:

- 1) бөлім меңгерушісі;
- 2) кеңесші;
- 3) әлеуметтік қызметкер;
- 4) есепші;
- 5) жұмыспен қамту Орталығының директоры;
- 6) жұмыспен қамту Орталығының маманы.

2. Білім беру саласы бойынша:

- 1) жетекші;
- 2) жетекшінің орынбасары;
- 3) психолог;
- 4) барлық мамандық бойынша оқытушылар;
- 5) медбике;
- 6) кіші медициналық қызметкер;
- 7) тәлімгер;
- 8) балабақша меңгерушісі;
- 9) тәрбиеші;
- 10) әдіскер-психолог;
- 11) ән-күй маманы;
- 12) көркемдік студия үйірмесінің жетекшісі;
- 13) шаруашылық басқарушы;
- 14) есепші;

- 15) әдіскер;
 - 16) заңгер-кеңесші;
 - 17) интернат басшысы;
 - 18) экономист;
 - 19) тәрбиешінің көмекшісі;
 - 20) емдәм медбикесі;
 - 21) іс жүргізуші.
3. Мәдениет саласы бойынша:
- 1) жетекші;
 - 2) жетекшінің орынбасары;
 - 3) жетекшінің көмекшісі;
 - 4) көркемдік жетекші;
 - 5) сектор меңгерушісі;
 - 6) кітапханашы;
 - 7) әдіскер;
 - 8) библиограф;
 - 9) аймақтану бөлімінің редакторы;
 - 10) кітап қорын есепке алу маманы;
 - 11) дыбыс режиссеры;
 - 12) хореограф;
 - 13) музыкалық жетекші;
 - 14) концертмейстер;
 - 15) нұсқаушы;
 - 16) жастармен жұмыс бойынша маман;
 - 17) клуб меңгерушісі;
 - 18) оркестр жетекшісі;
 - 19) барлық түрлер шебері;
 - 20) шаруашылық бөлімінің басқарушысы;
 - 21) суретші;
 - 22) есепші;
 - 23) экономист;
 - 24) кассашы;
 - 25) билет контролеры;
 - 26) іс жүргізуші;
 - 27) кадр жөніндегі инспекторы;
 - 28) техник-электрик;
 - 29) дыбыс операторы;
 - 30) жарық операторы;
 - 31) заңгер-кеңесші.

4. Ветеринария саласы бойынша:

- 1) ветеринариялық мал дәрігері;
- 2) ветеринариялық фельдшер;
- 3) есепші;
- 4) экономист.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК